

**"С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-де 2023 жылдың
1-14 маусым аралығында өткізілетін "Балдаурен" жазғы сауықтыру лагерін
ұйымдастыру бойынша**

АКТ жасалынды.

1. ДТІЖО: Н.Н.Турусбекова
 2. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Қ.С.Ахметжанов
 3. Ата-аналар комитеті: Н.Ө.Барлықпаева
 4. Мектеп медбикесі: М.К.Карибаева
 5. Кәсіподақ төрайымы: А.Х.Нурпейсова
- жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру бойынша тексеру жұмыстары бойынша акт жасады.

1. **Ас үй блогы:** Оқушыларды ыстық тамақпен қамылуы бойынша асхана жұмыс істейді. Ас мәзірі бекітілді. Ас мәзіріне байланысты азық – түлік алынды. Мерзімі тексеріліп отырады. Тоңазытқыштар жұмыс жасап тұр.
2. **Сумен қамтамасыз ету** (су сапасын сәйкестігі, оқушылардың ауыз су режимінің сақталуы) мониторинг топтар мен санитарлық эпидемиологиялық станция қызметкерлері асханадағы су сапасын тексеруден өткізді.
3. **Канализация.** Ауаның санитарлық қондырғылары Тексерістен өтті, жұмыс істеп тұр.
4. **Өртке қарсы жұмыстар** Өрт сөндіру қызметкерлері тарапынан тексеруден өтті. Өрт сөндіргіш құралдармен жабдықталған.
5. **Мектеп аумағын абаттандыру** аумақ гүлдер мен ағаштар отырғызылған.
6. **Ойын алаңдары** балалар ойнайтын ойын алаңымен қамтамасыз етілген.
7. **Медициналық кабинет** балалардың денсаулығын қадағалайтын және алғашқы медициналық көмек құралдарымен жабдықталған
8. **Штаттық кестеге** тәлімгерлер, спорт жаттықтырушысы, психолог, аспазшы, музыка жетешісі бұйрық бойына тағайындалды.
9. **Нормативтік-құқықтық құжаттар.** Мемлекеттік стандарттың орындалуы, лагерь құжаттары жүргізілетін жұмыс жоспары бойынша әр іс-шара бекітілді.
10. Спорттық алаң, құрал-жабдықтар кіші футбол алаңы, спорт алаңы, спорт зал , теннис ойын үстелі бар.
11. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік лагерь қызметкерлері мен балалар өмір қауіпсіздіктері және еңбек қауіпсіздік ережелері мен кеңестерімен таныстырылды.
12. Бос уақыттың қамтылуы балалардың демалысын қызықты өткізуі үшін ұлттық, танымдық, логикалық ойындар ойнатылады. Кітапханаға, мұражайларға саяхаттар ұйымдастырылады.

Шешім:



05.06.2023 ж жазғы уақытта мектеп жанындағы «Балдаурен» лагерь ашу бойынша қаулы қабылданды.

1. ДТІЖО: Н.Н.Турусбекова _____
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Қ.С.Ахметжанов _____
3. Ата-аналар комитеті: Н.Ө.Барлықпаева _____
4. Мектеп медбикесі: М.К.Карибаева _____
5. Кәсіподақ төрайымы: А.Х.Нурпейсова _____


«Балалардың игілігі үшін» республикалық акциясын өткізу шеңберінде
Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған
«Балдаурен» жазғы демалыс лагерінің ашылу салтанаты
«Бақытты балалық шақ»

1-мусым күні мектеп жанындағы "Балдаурен" жазғы лагері өз жұмысын бастады. Лагерге барлығы 37 оқушы келді. Мектеп медбикесі М.К.Карибаева келген оқушылардың әрқайсысының дене қызуын өлшеп, денсаулықтарын тексерді. Балаларға лагерь кезіндегі сақтық шараларын қалай сақтау керектігі туралы ескертіліп айтылды.


Мектеп басшылығы және лагерь қызметкерлерінің қатысуымен "Балдаурен" лагерінің ашылуы салтанатты түрде ашылды. Салтанатты жиынды мектеп директоры М.А.Шарипова оқушыларды жазғы демалысқа шығуларымен құттықтап, оқушыларды жазғы демалыстың қызықты өтуіне ат салысуға шақырды.



Салтанатты жиында ауыл әкімі Н.А.Жетибаев оқушыларды «Балалар күнімен» құттықтап, демалыстарының көңілді, пайдалы әрі сәтті өтуіне тілек айтты.



Әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына «KAZ Minerals» компаниясы «Тәтті сыйлықтар» сыйлады.



Салтанатты жиын «Жазғы Старт» спорттық мерекесімен жалғасты. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері А.Шарипов пен Е.Құмаров балалар арасында ойындар және жарыстар ұйымдастырды. Оқушылардың белсенді қимыл-қозғалыста болуларына ерекше көңіл бөлінді. Спорттық -эстафеталық, дамыту жаттығулары үнемі жасалынып отырды. Эстафеталық ойындар оқушыларға ерекше ұнады, барлық оқушылар топтық алған орындары бойынша медалдармен марапатталды.



Салтанатты жиыннан кейін «Біздің аулымыздың асфальтындағы суреттер» тақырыбында асфальтқа сурет салды.




Барлық іс шаралардан соң балалар екі топқа бөлініп, топ жетекшілерімен бірге әр топтың лагерь бұрышын безендіру, топтың атауын, ұранын, белгісін, топ ережесін құрумен жалғасын тапты. Сонымен қатар оқушылар өз араларында топ көшбасшыларын таңдады.

1-топ жетекшісі - М.Сайтбаева. М.Дүйсенова. Топтың көшбасшысы – Жақсыбек Айару

Топтың атауы - "Болашақ".

2- топ жетекшісі - А.Нұрсүлеймен. С. Абыканова. Топ көшбасшысы Кенесбай Нұрәлі Топтың атауы - "Қыран".

Әр топ жетекшісі "Өмір қауіпсіздігі" викторинасын ұйымдастырып, оқушыларды лагерь кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.



ДТІЖО: Н.Н.Турусбекова

"С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-де 1 -16маусым аралығында өткізілетін **"Балдаурен"** жазғы сауықтыру лагерінің

ЖОСПАРЫ

«Бекітемін»:
«С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-нің
директоры М.А.Шарипова _____

«Балдаурен» жазғы демалыс лагерінің жұмыс жоспары
I маусым

р/с	Өтетін іс-шара	мақсаты	уақыты	жауапты
-----	----------------	---------	--------	---------

1.	«АйнаLine» жазғы демалыс лагерінің ашылу салтанаты «Бақытты балалық шақ» атты мекрелік концерт. «Менің бақытта балалық шағым» асфальтта суретсалу конкурсы «Жазғы старт» спорттық мерекесі Көңілді старттар	Балалардың лагерге деген қызығушылығын ояту Балаларды бірлікке баулу, танымдық қабілеттерін ояту. Би қимылдарын үйрету арқылы биге қызығушылығын арттыру Балалардың салаутты өмір салтын қалыптастырып, өмірге деген сүйіспеншілігін оятуБи	01.06.	Тәлімгер Музыкант Лагерь ұжымы Денешынықтыру мұғалімі
2.	«Бала тілі-дала үні » ән байқауы	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	02.06.	Тәрбиешілер Психолог Музыкант Тәлімгер
3.	«Біз қазақстан елінің патриотымыз» ҚР мемлекеттік рәміздер күні	Балаларды отансүйгіштікке, мемлекеттік рәміздерді танып білуге, құрметтеуге баулу	05.06.	Тәлімгер Тәрбиешілер Музыкант Лагерь ұжымы
4	«Өмір ағашы: Менің тегімнің тарихы» атты балалар бейнероликтері байқауын ұйымдастыру «Барлығы отбасынан басталады...» семинары	Табиғат аясында саяхат жасау. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту	06.06.	Тәлімгер Тәрбиешілер Медбике Лагерь ұжымы Ата-аналар
5	«Кітап -біздің досымыз»	Ауылдық, мектеп кітапханаларына саяхат жасау.	07.06.	Кітапханашы Тәлімгер Лагерь ұжымы
6	«Жас құтқарушы» сайысы «Кім болам?»	Балаларды бүгінгі күннің батыр кейіпкерлері арқылы жақсылыққа тәрбиелеу Балалардың мамандық таңдау туралы түсінік беру.	08.06.	Лагерь ұжымы Психолог
7	«Біз арманшыл баламыз» тарихи мәдени орындарға саяхат күні	Балаларға мұражайға саяхат жасата отырып отанын сүюге, құрметтеуге баулу	09.06.	Лагерь ұжымы
8	"Бақытты балалық шақ; қауіп-қатерсіз, зорлық-зомбылықсыз, девиациясыз қолайлы кеңістік" атты дөңгелек үстел	Балаларды достыққа, бауырмалдыққа баулу	12.06.	Тәрбиешілер Тәлімгер
9	«Ерікті болу -ерлік !» білім сайысы	Оқу білімге деген қызығушылығын арттыру	13.06.	Тәрбиешілер
10	«Ана тілі тірегім!» челленджі шығармашылық күні	Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	14.06.	Лагерь ұжымы
11	«Балалар -бақыт, көп балалар-көп бақыт» атты көп балалы отбасылар туралы бейнероиктер дайындау	Балаларды достыққа, бауырмалдыққа баулу	15.06.	Тәлімгер Лагерь ұжымы

12	"Алақай жаз келді" челленджі сайыс	Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту	16.06.	Балаларды достыққа, бауырмалдыққа баулу
----	------------------------------------	---	--------	---

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
Тәлімгер:

Н.Н.Турусбекова
М.Д.Сайтбаева

«Балалардың игілігі үшін» республикалық акциясын өткізу шеңберінде жүргізілген "Балдаурен" лагерінің есебі.

Жадырап жаз шығып, оқу жылы аяқталысымен "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-де мектепшілік "Балдаурен" лагері 1-4 сынып оқушыларымен жұмысын бастап кетті. Лагерь жұмысы 1 маусым-Балалар балаларды қорғау күнінен басталды. Мерекеге бастауыш сынып оқушылары түгел қатысып, мерекелік көңіл күймен бастау алды. Жазғы лагерьге баруға балалар асығады. Өйткені, жайрандаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз.

Биылғы жылы бірінші кезеңде барлығы 37 бала қамтылды. Балалар жас ерекшелігіне орай 2 топқа бөлінді, орта топ және кіші топ болып ұйымдастырылды. Көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан 19 бала және мектеп мұғалімдері мен қызметкерлерінің балалары 18 бала кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен тегін тамақтанды.

Лагерь жұмысы арнайы бекітілген жұмыс жоспары бойынша демалушыларына әр түрлі ойындар ойнатылып тақырып бойынша тапқырлық, сөзжұмбақ сайыстары ұйымдастырылып, өте қызықты өтті. Сурет салып, тақпақ жаттап, ән салып, қызықты кітаптар оқыды. Күнде жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар, топтық жұмыстар, үйірме жұмыстары өткізілді.

Тәрбиешілер әр күнге белгіленген түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, балғындардың демалысы қызыққа, қуанышқа толы болуына бар күш-жігерлерін салды. Мектепшілік лагерьге келу арқылы көптеген түрлі іс-шараларға қатысып, көңіл көтеріп маз-мейрам болысады. Ауыл әкімшілігінен 1 маусым балаар күніне орай шағын сыйлықтар таратылды. Осылайша, лагердің әр күні мәнді де, сәнді өтті. Бұл тұста балалардың демалыс күндерін қызықты өткізуге үлес қосып жүрген тәрбиешілер: М.М.Дүйсенова, С. Абыканова, Е.Ерсін, А.Шарипов, М.Сайтбаева, Е.Құмаров, А.Нұрсүлеймен олар лагердің қызықты, көңілді өтуіне аянбай, шаршамай өз үлестерін қосып жүргені байқалып тұрды. Балалардың жүрегіне ізгілік пен қуаныш сыйлап демалушылар бос уақыттарын мағыналы өткізіп, үйлеріне сергіп қайтқаны сөзсіз.

Күні: 01.06.

Тақырыбы: «Көңілді старт» ойыны

Мақсаты: Оқушыларды спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың адамгершілік, күш, ерік-жігер қасиеттерін және психологиялық процестер мен адамдық қасиеттерді дамыту. Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Қажетті құрал-жабдықтар: Доп, кедергілер, секірме, таяқша, жалауша.

Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша құрылған «АйнаLine» лагерінің оқушылары, «Көңілді старт» эстафеталық жарысына қош келдіңіздер!

Жүргізуші: «Салауатты өмір салтын ұстау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр» Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Денсаулық адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет. Бүгінгі өткізгелі отырған «Көңілді старт» сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Жарысымызды бастамас бұрын әділ қазы алқасымен таныс болайық. Әр кезең 5 балдық жүйемен бағаланады.

Ал құрметті халайық,
Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы,
Әділ баға беріңдер.

Қазылар алқасын оқушыларға таныстырып өтіледі.

Қош келдіңіз қонақтарым төрлеңіз,

Өзірледік сізге орынды төрден біз.

Ұландардың ең құрметті қонағы,

Жанкүйерде төреші де өзіңіз.

Шарттары: 1. Таныстыру кезеңі. (топтың атымен, ұранымен таныстыру керек)

2. «Кім жылдам?» кезеңі. (Скакалкамен секіру). Әр топтан 1 оқушы шығып секіреді.

3. «Пингвин» кезеңі Ойынның шарты: Балалар допты тақымға қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.

4. «Кедергілерден өту» Ойынның шарты: Алда қойылған кедергілерден айналып жүгіріп өту.

5. «Боулинг» Ойынның шарты: Әр оқушы допты алып, нысанаға дәл тиіп, өз командасына көп ұпай алуы керек.

6. «Баскетбол» допты жерге ұра жүгіріп жарысу.

7. «Жалауды тез жеткіз» эстафетасы

8. «Допты шеңберге лақтыру» эстафетасы

9. «Желаяқ» жылдамдыққа жүгіру

10. «Шегірткелер» /әр ойыншы бір аяқты бүгіп, оны қолмен ұстап секіріп барып берілген жерге дейін жетеді. Қайтарда тез жүгіріп келуі керек.

11. «Кім бірінші?» сайысы. Оқушыларға сөздер айтылады, топтағы оқушылар сол сөздің орысша, ағылшынша баламаларын айтады. Дұрыс жауап берген оқушының тобына 5 ұпай қойылады. Мысалы: Жер, күн, кітап, бала, айна, көктем, жүрек, орындық т.б. Қорытынды сөз. Әділ қазы алқаларына беріледі. Жеңімпаз топқа жеңілген топ оқушылары шағын концерттік номерлер дайындайды.

Жүргізуші: Еш қысылып саспайық,

Қызықты ойын бастайық

Сайысқа келген баланың

Сергітіп бойын алайық.

«**Кім жылдам**» ойынын бастаймыз.

Ойынның шарты: Қаппен секіріп, межеден айналып қайту.

(Әділқазылар алқасы 2 бөліміміздің бағаларын берейік.)

Жүргізуші: Бақшада бүгін басталған

Дайын болын жарысқа

Жүгір, секір қалыспа

Топаралық жарыстан - дей келе «Кедергілерден өту» ойынын бастаймыз.

Ойынның шарты: Балалар допты аяқтың арасына қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.
(Әділқазылар алқасы бөлімінің бағасын берейік.)

Жүргізуші: Өздерінің шапшаңдылығын ұғындырып,

Көрсетер көп еңбектенген мықтылық.

Келесі бұл сайыста

Қай топтың ептілігін анықтайық – деп «Кенгуру» жарысын бастаймыз.

Ойын шарты: Үрілген кенгуру добымен кедергілер арасымен секіріп, белгіленген межеден айналып келеміз. Бірінші жеткен топ осы бөлімнің жеңімпазы атанады.

Әділқазылар алқасы 4 бөліміміздің қорытындысын берейік.

Жүргізуші: Денемізді шынықтырып,

Шыныққан біз баламыз.

Жаңғыртып біз елімізді,

Биіктерден көрінеміз - дей келе «Боуулинг» сайысын бастаймыз.

Жүргізуші: Ендеше ең соңғы ойынымыз « Желаяқ» жарысын бастаймыз. Ойын шарты: бірінше бала паровоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паровоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ерітіп айналып келіп, үшінші баланы ерітеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді.

Жүргізуші: «Спорт» әнімен флешмоб биін тамашалаңыздар!

Жүргізуші: Ендеше бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Марапаттау кезегін балабақша директорына беріледі. Марапаттау рәсімі. Қатысқан бүлдіршіндерімізге рахмет. Келіп тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет. Қош сау болыңыздар!

«Көңілді старт» ойыны бойынша есеп

"С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп" КММ жанындағы «Балдаурен» жазғы лагерінде 1 маусым күні жұмыс кестесіне сәйкес «Көңілді старт» ойыны жүргізілді. Жауапты мұғалімдер: Лагерь жетекшісі –Шарипов А.Қ, Құмаров Е.Д., Елеу Е.,

Ойынды жүргізу мақсаты: Оқушыларды спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, қызығушылықтарын арттыру, үштілділікті дамыту. Оқушылардың адамгершілік, күш, ерік-жігер қасиеттерін және психологиялық процестер мен адамдық қасиеттерді дамыту. Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Ойынды жүргізу барысында, сайыскер топтарды бағалау үшін әділқазылар алқасының құрамында Сайтбаева М., Нұрсүлеймен А.О., Абыканова С., Дүйсенова М.М., болды.

Сайыстың әр кезеңі 5 балдық жүйемен бағаланды. Оқушылар «Болашақ», «Қыран», топтарына бөлініп, әр топ өздерінің ұрандары және эмблемасын үш тілде таныстырды.

Сайыс келесі кезеңдерден тұрды:

1. Таныстыру кезеңі. (топтың атымен, ұранымен таныстыру керек)
2. «Кім жылдам?» кезеңі. (Скалкамен секіру).
3. «Пингвин» кезеңі (Балалар допты тақымға қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді).
4. «Кедергілерден өту» (Алда қойылған кедергілерден айналып жүгіріп өту).
5. «Боулинг» (Әр оқушы допты алып, нысанаға дәл тиіп, өз командасына көп ұпай алуы керек).

6. «Баскетбол» допты жерге ұра жүгіріп жарысу.
7. «Жалауды тез жеткіз» эстафетасы
8. «Допты шеңберге лақтыру» эстафетасы
9. «Желаяқ» жылдамдыққа жүгіру
10. «Шегірткелер» /әр ойыншы бір аяқты бүгіп, оны қолмен ұстап секіріп барып берілген жерге дейін жетеді. Қайтарда тез жүгіріп келуі керек.
11. «Кім бірінші?» сайысы. Оқушыларға сөздер айтылады, топтағы оқушылар сол сөздің орысша, ағылшынша баламаларын айтады. Дұрыс жауап берген оқушының тобына 5 ұпай қойылады. Мысалы: Жер, күн, кітап, бала, айна, көктем, жүрек, орындық т.б.

Сайысқа әр топ қызығушылықпен белсене қатысып, нәтижесінде «Болашақ» тобы ерекше өнер көрсетті. Сайысты қорытындылай келе, ұпай сандарына сәйкес 1-орын «Болашақ» тобы, 2-орын «Қыран» тобы иеленді.

Сайысты өткізу барысында алға қойылған мақсат орындалып, өз мәресіне жетті.

«Біз қазақстан елінің патриотымыз» Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні

Күні: 05.06.

Мақсаты:

1. Оқушыларды Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін тарихын білуге тәрбиелеу.
2. Оқушылардың таным белсенділіктерін, қызығушылықтарын дамыту.
3. Оқушыларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой - пікірін білдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта

Барысы:

1. Ұйымдастыру.

Аспаны ашық еліміздің,
Көркі сұлу жеріміздің,
Біз - бақытты баламыз!
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз!

2. Кіріспе сөзі:

- Отан – әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Отан – сенің туған елің, туған жерің, дос – жарандарың, туған туысканың. Отан - бұл өзіңнің тұратын, өмір сүретін, қызмет ететін жерің. Отан адам үшін біреу ғана. Отанды анаға теңейді. Себебі, Отан сендерді анадай қорғайды, көмектеседі, күш береді. Біз Отанымызды, елімізді сүйеміз. Біз, Қазақстанның

патриотымыз!

Отан деген не, кім қалай түсінеді?

Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Сан ғасырлар бойы ата - бабаларымыз жерін жаудан қорғап, бүгінгі ұрпақ, бізге жеткізді. Қазақстан жер көлемі бойынша 9 орында тұр. Қазақстанда үлкен қалалар көп. Олар: Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент, Көкшетау, Қостанай, Ақтау, Павлодар, Ақтөбе, Тараз, Қызылорда, Өскемен, Семей, Талдықорған. Бұлар – әдемі қалалар.

Астана - Отанымыздың бас қаласы, астанасы. Ол Есіл өзенінің жағасында орналасқан.

Астана қаласын қазір бүкіл ел біледі. Қазақстан - тәуелсіз, егеменді, көп ұлтты мемлекет.

Онда қазақтар, орыстар, ұйғырлар, өзбектер, кәрістер, украиндер және тағы басқа ұлттардың өкілдері тұрады. Олар тату - тәтті, бірлікте өмір сүріп жатыр.

- Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?

- Қазақстан Республикасының президенті кім?

Аумалы - төкпелі заманды бастан кешкен қазақ халқының өзіндік басқару жүйесі болған. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеп, халық жағдайын жасаған шешендері, білімпаз билері, әр елде, әр ауылда сөз тыңдар ақсақалдары болған. Қазақта аты аңызға айналған Қазыбек би, Әйтеке би, Төле би сияқты би - шешендер өте көп.

Мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Қазақ тілін білу - әрбір қазақстандық азаматтың борышы.

Би: «Қамажай»

Сондай - ақ мемлекетіміздің өз Ата заңы бар. 1993 жылы 28 қаңтарда ҚР тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа конституциясы қабылданды. Адамның өмірін, денсаулығын, тыныштығын мемлекетіміздің Ата заңы қорғайды.

1992 жылы ҚР мемлекеттік рәміздері қабылданды. Олар: Ту, Елтаңба, Әнұран.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы.

Ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Алтын күн, қыран және ою - өрнек біздің халқымыздың ашық келешегі мен берекесі, тыныштық пен байлықтың белгісі.

Мерей: Көк аспандай көкпеңбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен - тек,

Елдің ашық қабағы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап, уықтар шаншылған. Бес жұлдыз, қанатты тұлпар бейнеленген. Бидай сабақтары тоқшылық, молшылықты білдіреді.

Айару: Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбәт, әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Кез - келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы - Әнұран. Әнұран мемлекеттік ән. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған.

Айсұлтан: Оттай жанып жанарың

Одан қуат аламын

Әнұран ол - тынысы

Кең жазира даламның.

Мұғалім: - Ия, балалар, елін, жерін сүйетін азамат болып шығу үшін қандай бала болуымыз

керек?

- Білімді, өнерлі, ақылды, еңбексүйгіш бала болуымыз керек.

- Дұрыс, ендеше Отан, туған жер туралы қандай мақал - мәтелдер білеміз?

«Жалғасын тап» ойынын ойнайық.

Сабағымызды жақсы оқып, еліміздің адал, еңбекқор азаматы болайық. Ер жетіп еліміздің одан әрі көркеюіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосайық.

Оқушылар тақтаға шығып, келесі әріптерді көтереді.

Б - білімді арнайтын

О - отанымды қорғайтын

Л - лаңкестікті даттайтын

А - адалдықты жақтайтын

Ш - шуағымды шашатын

А - асулардан асатын

Ғ - ғарыш сырын меңгерген

Ы - ынтымақты тең көрген

М - менмендікті жек көрген

Қ - қазаққа қызмет ететін

А - арманына жететін

З - заңды жақсы білетін

А - алға қарай жүретін

Қ - қайырымды елімнің

С - салтанатты жерімнің

Т - толықтырам сенімін

А - абыройын, жігерін

Н - намысын қолдан бермейтін

Бәрі: Мен боламын еңбекқор,

Болашағы елімнің!

Ән «Көк тудың желбірегені».

Қортынды: - Міне, балалар, бүгін өздеріңді Тәуелсіз еліміздің болашағы екендеріңді, яғни, нағыз азамат екендіктеріңді көрсете білдіңдер. Белгілі ақын атамыз Ж. Молдағалиев:



Өткеніңді еске алсаң,

Өскеніңнің белгісі.

Өткеніңді ұмытсаң,

Өшкеніңнің белгісі,

- деген екен. Сондықтан, халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері өздеріңе аманат. Сондай - ақ, еліміздің егемендігін танытатын ресми ерекшелік белгілері: Ана тіліміз, Елтаңбамыз, Туымыз, Ата заңымыз, Әнұранымызды бойындағы бойтұмарындай сақтап қана қоймай, қашанда еліміздің, жеріміздің еркіндігін сақтар мықты ұрпақ, мықты азамат болатындарыңа сенімім мол. Жолдарың ашық, жарқын болсын, Тәуелсіз елдің азаматтары!



Күні: 06.06

«Барлығы отбасынан басталады»

Ашық тәрбие сағатының мақсаты: Ұрпақ тәрбиесінде ата - бабамыздың ұстаған жолын, баланың отбасындағы орнының жоғары бағалағандығын паш ету, бала тәрбиесіне байланысты салт – дәстүр, мақал – мәтелдер, нақыл сөздерді пайдалана отырып, оқушыларды үлкендерді сыйлауға, кішіге көмектесуге баулу. Өзара сыйластыққа, адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Сөзжұмбақ, суреттер, нақыл сөздер, жұмбақтар, мақал – мәтелдер, шарлар

I. Ұйымдастыру кезеңі (сәлемдесу, түгелдеу, топқа бөлу)

II. Негізгі бөлім

Балалар, бүгінгі күннің тақырыбын анықтау үшін берілген сөзжұмбақты шешу керек (әр топ өзіне берілген сөзжұмбақты шешіп, тақтаға іледі).

I – топ:

1. Кітапты көп оқитын, немерелерін жақсы көретін, ақ сақалды кісіні кім дейміз? (ата)
2. Өзі салмақты, байсалды, бос уақытын балалармен өткізгенді жақсы көреді. Циркке, саябаққа апарады, отбасын қорғаушы, сақтаушы, ол кім? (әке)
3. Ер баладан кіші қызды кім дейміз? (қарындас)
- 4..... – ананың бауыр еті (Бала)
5. Әкеңнің әпке – қарындастарының балалары кім болады? (жиен)
6. Ол өте мейірімді, ақ шашты, тәтті бауырсақ пісіреді, бізге жылы қолғап, шұлық тоқиды. Ол кім? (әже)

II топ:

1. Әке – отбасының..... (қорғанышы)
2. Інісі бардың -..... бар (тынысы)
- 3..... үй базар, баласыз үй қу мазар. (Балалы)
- 4.... сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды. (Ана)
- 5..... бардың – жағасы бар (Ағасы)
6. Үш жұрттың бірі (нағашы)
- 7..... көңілі балада, баланың көңілі далада (Ананың)
8. Баланың ісі -..... (шала)
9. Ас атасы -..... (нан)

Яғни, біздің бүгінгі тақырыбымыз «Тәрбие отбасынан басталады» деп аталады. Сабак

барысында біз отбасы, адамға ең қымбат, ең жақын адамдар туралы, олардың мейірімділігі, сүйіспеншілігі туралы, имандылығы туралы сөз қозғаймыз.

Қазақ халқының қалыптасқан салт - санасы, әдет дәстүрлері - ғасырлар идеологиясы. Олардың түсінік - наным әлемдік санамен ұласып, ғарыштармен ұштасып жатады. Әр халық ұрпақсыз болмайды. Әр адам жетпеген арманға, шығатын биікке тек қана ұрпағымен жетуді мақсат етіп, үміт артады.

Осы қағиданы мықты ұстанған халық баланың болашағын тәрбиеден бастайды, сонан соң ғана ұлт тілін, тарихын, бабалар мұрасын, аналар тілегін орындау үшін білім мұхитына сапар шегеді. Халықтың кейінгі ұрпағына қалдырған тәрбие үлгілерін тек кешегі, күні өткен десек мықты қателесеміз. Тәрбие өнегелері - үзіліп қалмайтын үрдіс, ол ұрпақтан - ұрпаққа ауысып, жалғасып мәңгі жасайтын құбылыс. Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты - ата - бабалардың үлгі өнегесі, ақыл - кеңесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздік - дербестікке ұмтылысы. Бұл алдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты.

Қазақ өмірі - тәрбие оқулығы.

Қазақ халқының үй - іші тәрбиесіне таңданған орыс жазушысы, этнограф В. И. Даль 1832 жылы күнделігіне, әділеттілік іздеп шаршаған, бірақ қайрат - жігерін жоғалтпаған, сұңғақ бойлы, әдемі қыз Мәуленді көріп: «Мидай дала, ешбір мектеп, кітап жоқ айнала қараңғылық, бірақ Мәулен өте ғажайып тәрбиеленген»- деп жазып қойған.

М. О. Әуезов: «Бала ата - ананың тағылымымен» - өседі деген.

Ұлы Абай: «Адам ата - анадан туғанда есті болмайды; естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы мен жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» (19 - шы қара сөзінен)

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ұлы ақын атамыз Абай айтқан екен. Адамзат – бүкіл адам баласы деген сөз. Адамды сүю адам танудан басталады. Адам тану – адамзат арасындағы қарым – қатынас мейірімнен басталады. Ал адамға деген сүйіспеншілік, мейірімділік қайырымдылық – ең әуелі әркімнің отбасынан басталады. Әр үйдің ішіндегі адамдар сол отбасының мүшелері болып саналады.

Маған да, саған да,

Жақын туыс – бес адам.

Үш әріптен тұратын.

Оңға оқы, солға оқы.

Өзгермейді еш одан.

Бәрі де өз жұратың,

Айтады, қане, кім атын? /апа, ата, ана, іні, аға./

- Отбасы деген не? (ойларын айтады)

1) Сызбанұсқамен жұмыс. Отбасы мүшелерін атап берейік.

Енді балалар отбасының мүшелеріне жеке – жеке тоқталып өтейік.

Ата, әже, әке, ана, бала, аға, іні, қарындас, т.б.

Бала – адамның бауыр еті – дейді қазақ халқы.

Ұрпақ – ғұмыр жалғасы, тіршілік көзі. Қай халық болсын, үмітін ең алдымен ұрпағынан күтеді. Жанған отын сөндірмей, түтінін түтетін ұрпақ қалдыруды көздейді. Халқымыз балалы болу бақытын байлыққа, мансапқа ауыстыра алмаған.

«Бала - өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі,»- деп ұрпақты болуға, оның тәрбиесіне қатты көңіл бөлген.

Қуанып жан жүрегі қақ жарылды,

Қасірет басындағы қалды арылып.

Ұл – қыз көріп дүбірлі той жасайды,
Атқан соң маңдайынан таң жарылып.

- Балалар, біздің отбасымызда ең үлкен, ең ардақты, барлық тәттілерін сендерге арнап
тығып қоятын кім?

- Дұрыс, ол біздің ата - әжелеріміз. Кім өзінің ата - әжесіне арнап тақпақ айтып берем
дейді.



«Кітап -біздің досымыз»

Күні: 07.06.

Мақсаты:

Білімділік: оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу, оқушылардың кітапқа
деген сүйіспеншілігін арттыру

Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, сөйлеу мәнерін дамыту.

Тәрбиелік: кітапты сүюге баулу, кітапты күтіп ұстау ережелерін білуге тәрбиелеу.

әдісі: түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу

көрнекілігі: балалар әдебиетінен кітап көрмесі, мақал- мәтелдер.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі: II. Кіріспе Біз бүгін балалар, осы жерге не үшін
жиналып отырмыз. Оның сырын білу үшін үлкен тақтадағы жұмбақты шешейік. Қабат -
қабат қатталған, Асыл сөзбен апталған. Парағы бар сөйлейтін, Ол қазына өлмейтін. (Кітап)
Осы кезде музыка әуенімен қақпа ашылып, тәрбие сағатының тақырыбы ашылады. «Кітап -
біздің досымыз»

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Кітап та алма ағашы,

Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы,

Кітабыңның әр бетін.- деп Мұзафар аталарың жырлағандай, әдеби кітаптар мен оқулықтар
сендерге білім көзі, рухани қазына. Кітапты оқи отырып адамның ішкі жан дүниесі артады.
Айналадағы өмірмен, құрбы-құрдастарымен танысып, жақсы болуға, жақсылық іс істеуге
күштарландыратын осы құрал- кітап.

Кітап білімімізді молайтады, кітаптан көп үлгі өнеге, тәрбиесінен әсер аламыз. Оқыған,
тоқығаның көп болса, жеңбейтін жау, алынбайтын қамал жоқ. «Білекті бірді жығар, білімді
мыңды жығар» деген халық даналығы бекер айтылмаған. Ендеше кітап біздің рухани
байлығымыз.

Жүргізуші: Инжу.

Армызыздар құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Жүргізуші: Мейірлан.

Армызыздар құрметті қонақтар мен ата-аналар!

Адамның досы кітап, өмір кілті,

Тең келмес оған жиған мүлкі.

Ақылшы жанға серік жол бастаушы,

Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.

Жүргізуші: Инжу.

Тұрады басын құрап әріп неден,

Басталған білім басы әліппеден.

Қарасаң шалқар теңіз, түпсіз мұхит,

Оқысаң кітап сырын ашып терең. (Кітап макетін қолына ұстап тұрып)

Жүргізуші: Мейірлан

Мен адамның досымын. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңіреді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Фабрика ол ағаштан қағаз жасап шығарады. Содан соң оған авторлар жазады. Суреттер салады. Баспахана жазулар мен суреттерді басып, кітап етіп шығарады. Жұмысшылар машинаға тиеп, ауылға, қала –қалаға таратады. Міне, мен енді сенің қасыңда тұрмын. Мені күтіп, жыртпай ұста. Мен сенімді досыңмын.

Жүргізуші: Инжу.

Қазіргі кезде барлық мектеп оқушыларына оқулықтар тегін берілуде. Оқулықты бүктеп, жырттып бүлдіруге болмайды. Өйткені әр кітап – Отан байлығы, аға – апаларымыз бен әже – аталарымыздың маңдай тері.

Келесі сөз кезегін өлең шумақтарына береміз.

1 – оқушы:

Оқулықты мектебің

Берер саған теп-тегін

Білмейсің –ау сен бірақ

Қаншама еңбек кеткенін.

2 – оқушы:

Айдын шалқар кейде бір, Кітапты тұнған көл дерсің Ауадай қажет бейне бір Таппасаң нәрін шөлдерсің. 3 – оқушы:

Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады, Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады Жеткізіп өткендердің өсиетін, Шешіліп кейде достай сырласады.

4 - оқушы

Саған білім жемісін,

Оқулығың береді.

Талай адам сол үшін

Маңдай терін төгеді.

5– оқушы:

Орманшының аялы

Алақаны өсірген

Сансыз ағаш саяла,

Қағаз үшін кесілген.

6 – оқушы: .

Ағаш кесіп қанша адам,

Ормандарда жүреді.

Аға қанша шаршаған

Ағаш тиеп үнемі.

7 – оқушы:

Машинист боп жасынан,

Дүбірлетіп даланы.

Сол ағаштан тасыған,

Білер ме көп ағаны.

8 – оқушы:

Заводтарда күні – түні,

Қағаз жасап бағалы

Қанша адамның кім үшін,

Маңдай тері тамады?

9 – оқушы:

Оқулықты баршаға,

Талай ғалым қолға алып.

Жылдар бойы қаншама,
Жазады ұзақ толғанып.

10 – оқушы:

Әдемілеп берсем деп,
Бояу жағып не түрлі.
Суретшілер көркемдеп,
Қанша уақыт отырды.

11 – оқушы:

Әріп теру үшін де,
Талай адам терледі.
Баспахана ішінде,
Айлап тыным көрмеді.

12 – оқушы:

Кітаптар бейне жапырақ,
Жырлайтын сырын өмірдің
Оқисың кейде жаттап
Көтеріп күйін көңілдің

13- оқушы

Оқулығың құралың,
Жоғары білім шырағың.
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір адым.

14- оқушы

Оқулықты құрметте,
Күтіп ұста, кірлетпе.
Кішілерге табыс ет,
Дақ түсірмей бір бетке.

Жүргізуші: Мейіран.

Түлекті тәрбиелер кітап - мектеп, Өседі сол кітаптан бұтақ көктеп. Молайтып ақылыңды сан еселеп, Береді білім нәрін кітап көптеп.

Хор: «Мұғалім ол біздің»

Жүргізуші: Інжу

Кітапты оқымайды сыйламаған, Білімге жанын жайып қинамаған. Өсірген кімнің болсын ой - өрісін, Сол кітап бек ақылшы күнде маған. Ойын: «Ия-жоқ» .Кітап нені сүйеді?

Кітап бауы “иә”,

Қар не жаңбыр “жоқ”,

Кір қолды “жоқ”,

Ұқыпты ұстауды “иә”,

Кітап бүктеуді “жоқ”,

Еденде жатқанды “жоқ”,

Білгіш оқушыларды “иә”,

Кітап сөресінде тұруды”иә

IV. Кітап- рухани байлығымыз.

Жүргізуші: Мейіран.

Кітап- ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал.

Жүргізуші: Інжу

Ол-адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі, халқымыз кітапты аса құрметтейді.

Ендігі кезекті оқушыларымыздың кітап туралы мақал – мәтелдерін тынданыздар.

Кітап, білім туралы мақал – мәтелдер, нақыл сөздер. «Жалғасын тап» ойыны арқылы меңгеру.

V. Кітап ұстау ережесі (Кітапхананың тұрақты оқырмандары бізді кітапты пайдалану ережесімен таныстырып өтеді)

1. Кітапты тек таза қолмен алуға болады.

2. Кітаптың арасына дәптер, қалам салуға болмайды, одан мұқаба бүлінеді.

3. Кітапты бүктеме, кітап баулығын пайдалан.

5. Тамақ ішкенде кітап оқымау керек.

6. Кітап бетіне қалам не қарындашпен сызуға болмайды.

VI. бекіту.

1. Кітапқа қандай құрмет көрсетуіміз керек? (Оқушылардың ықтимал жауаптары: құрметпен қарау, таза ұстау, сақтау, күту, жыртпау, т.б.)

Жарайсыңдар, сендер кітапхананың оқырманы болуға лайықтысыңдар, кітап біздің досымыз, өмірлік ұстазымыз.

Жүргізуші: Мейірлан.

Кітап – біздің рухани жан азығымыз. Өмірдің қиын сәттерінде сенімді сырласымыз, адал досымыз.

Жүргізуші: Інжу

Кітап – жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді. Ақыл кеңес, тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге береді. Елді, жерді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға мейірімділікке баулиды. Сондықтан оқулықты бүктеп, жыртып бүлдіруге болмайды.

ҮІІІ. Қорытынды:

«Кітап» сөзін оқушылар құрастырып тұрып, хормен айтады.

Оқы талмай, түй санана жас бөбек,



Сыр құямын, жыр құямын бойыңа.

Таза ұстап, оқы мені, қастерле,

Бар білімді мен егемін санана.

Мұғалім:

Иә, балалар! Білімнің кілті осы оқулықта. Оқулық – біздің өміріміз. Оқулықты жыртпай таза ұстайық. Оқулықта қаншама адамның еңбегі бар. Өзімізден кейінгі іні – сіңлі, қарындастарымыз бар, күтіп ұстап, соларға табыс етейік. Сыныбымызда кітап қадірін білетін балалар көбейе берсін. Сыныпта сайланған кітап бақылаушыларымыз күнделікті оқулықтың сырты қапталуын, таза ұсталуын бақылап отырады деп сенеміз.



Күні: 08.06.

Тақырыбы: «Жас құтқарушы» "Кім болам?"

Мақсаты: Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен, оттан сақтану жолдарын үйрету.

Өрт өшіретін құралды пайдалануды үйрету

Көрнекілігі: Өрт сөндіретін құралдар.

Білу: Адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сіріңкені, тұрмыстық техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін білу.

Шаттық шеңбері:

Жазда келді сағынта -----/ балалар іс әрекеттерімен көрсете отырып, қайталайды /

Жер жаһанды қаңсыта ----- / Өрт сөндіргіш болып көрсетеді /

Іші пысқан балалар

От жақты шөпті бықсыта

Бықсып жанған от енді

Алып - ұшып жөнелді

Өшірем деп ұмтылған

Балаларға көнбеді.

Негізгі бөлім:

Тәрбиеші: балалар біз бүгін қауіпсіздік ережелерінің бірі өрттің қаншалықты қауіпті екенін білейік.

От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От - өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымызда піспейді, үйімізде жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Біздің ата - бабаларымыз шөбі көп жерді отты жер деп бекер айтпаған.

Отты жер - қуатты жер. Мал біткенге күш - қуат беретін жер. Үйді қазақ халқы отпен теңестіріп отырған.

Тұратын үйін отау, үй иесін – отағасы деп атаған.

Отсыз тоңып, жаураған адам ешқандай еңбек те істей алмайды.

Сонымен от - өміріміз десек те, оның әлемі жайлаған алапаттың бірі - өрт қаупін шығаратынын да естен шығармағанымыз жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе байқампаздығымыздан кейде өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз.

Балалар:

Такпактар үйрету

От жақпа күйерсің

Өртеніп жүрерсің

Сіріңкені ұстасаң

Бәлеге сен түсерсің

Оттың ісі қуырмақ

Желдің ісі суырмақ

Қазір жанған жалынды

Алып ұшып қуалмақ

Тұрмысқа қажетті заттарды пайдалану, ережесімен таныстыру

Газ – плитасын пайдалану

Ас үйге сән беретін газ плитасы. Көгілдір от тұрмыс - тіршілігімізді көп орын атқарады.

Десек те, оны ұқыпты ұстап, жаға білуіміз керек. Егер газ плитасынан бір кемшіліктер байқалса ата - анаң айтып ескерт. Өйткені ата - анаң газ бөлімшесінің арнаулы мамандарын шақыртады Тұрмысымызда тағы бір көп қолданатынымыз – Электр. Электр - жарық көзі. Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса, дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен, оны да ұқыпты пайдаланбасақ, одан да өрт шығуы мүмкін

1. Электр приборларын уақтылы өшіру, электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау

2. Рұқсат етілмеген жерге электр жүйесін жүргізбеу

Өрттің алдын - алу, қауіпсіздікті сақта

Өртті сөндіруге арнайы заттарды даярлап қойған жөн. Оларға құм, су, күрек, киіз, т. б.

- Өрт жаңадан басталғанда, сумен, құм сеуіп өшіреді.

- Адамның киімі өртенсе, суға түскені дұрыс. Су жоқ болса, топыраққа аунап, үстіне құм себуіміз керек. Я болмаса адамды қалың матамен орап өшіреді,

Газ плитасы тұрған бөлмені жиі - жиі желдету керек. Егер газдың күлімсіген иесін сезсең сіріңке жағуға, электр жүйесіндегі лампаны жағуға болмайды.

Тек үйдің есік - терезелерін ашып, желдету керек